

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Қызылорда облысының білім басқармасының
«М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорны



«Бекітілді»

Қабылдау комиссиясының төрағасы:
Ж.К. Тоганова
2022ж.

02151000 «Халықтық көркем шығармашылығы(түрлері бойынша)» мамандығының
4S02151001-« Көркемөнерпаздар хореографиялық ұжымының жетекшісі, оқытушы»
біліктілігі бойынша шығармашылық емтихан талаптары.

Шығармашылық емтихан талаптары қабылдау комиссиясының отырысында
талқыланып, бекітілді.

Хаттама № 2 19.06.2022

Емтихан талаптарын дайындағандар:

С.Д. Джанахметова
Д.М. Джаппасов

«Өнер» бөлімінің меңгерушісі:

Р. Ж. Бимағамбетова

Қызылорда, 2022 ж.

02151000 «Халықтық көркем шығармашылығы(түрлері бойынша)» мамандығының
4S02151001-« Көркемөнерпаздар хореографиялық ұжымының жетекшісі, оқытушы»
біліктілігі бойынша шығармашылық емтихан талаптары

Шығармашылық емтихандардың мақсаты талапкердің мүмкіндіктері мен орындаушылық деңгейін анықтау.

I шығармашылық емтихан «Хореографиялық қабілетін анықтау»

Хореографиялық қабілетін анықтау үшін қойылатын талаптар:

- Кәсіби жарамдылық: Дененің физиологиялық пропорциялары, физикалық параметрлері, бойы, сахналық қадам, сыртқы сахналық түрі,аяқ бітімінің түзулігі, жалпак табанның, бүкірліктің, омыртқаның қисаюының болмауы;
- Зал ортасындағы экзерсис (классикалық би элементтері, аяқбасын ұшын созуы, releve (аяқ ұшына көтерілу), секіртпелер, plie (demi, grand) отыру, grand battement (аяқты 90 жоғары лақтыру);
- Халықтық би элементтерін орындау (негізгі жүріс, ауыспалы жүріс, «припадание», «моталочка», қазақ биіндегі негізгі қимылдар, қол позициялары бойынша "айналма", ерлер биіндегі "атшабыс");
- Музыкалық дайындығы (ырғақты сезіну, музыканы тыңдау қабілеті) тексеріледі;
- Кәсіби деңгейі (дененің иілгіштігі, аяқбасының айналымдылығы, секіру барысында жеңілділігі, координациясы).

Ескертпе:

I шығармашылық емтихан бойынша кеңес беру жүргізіледі. Кеңес беру барысында кәсіби мамандардың практикалық және теориялық бағыттар бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Кеңес беру барысында зал ортасында диагональ бойынша орындалатын би қимылдары мен би элементтерінен тұратын практикалық қимылдар кешені дайындалады.

I–ші шығармашылық емтиханда талапкердің хореографиялық қабілетін анықтайтын талаптар мен зал ортасында кеңес беру уақытында жасалған практикалық жұмыс нәтежелері тексеріліп, бағаланады.

II шығармашылық емтихан-«Орындаушылық шеберлік»

Талапкердің орындаушылық деңгейін анықтайтын талаптар:

1) Хореографиялық би қойылымын орындау.

Хореографиялық өнердің кез-келген жанрында (әлем халықтарының биі, қазіргі заманауи, спорттық билер т.б) қойылған, талапкердің өзі дайындаған би нөмірін (этиюд) орындауы.

1. Музыкалық ырғақты сезінуі.
2. Би қимылдары мен қозғалысты музыкамен үйлесімді орындауы.
3. Дене пластикасының әсем қозғалысы.
4. Биді орындау барысындағы әртістік қабілеті ,яғни эмоционалды қанық орындауы.
5. Сюжетті би болған жағдайда , орындалып жатқан сахналық қойылымның мазмұнының ашылуы.
6. Орындау техникасының деңгейі:таңдалған би стиліне (бағытына) қимылдардың сәйкестігі.
7. Би элементтерінің әдістемелік дұрыс орындалуы.

2) Сахналық бейнеге қойылым.

Талапкер өз таңдауы бойынша образға,яғни бір бейнеге мимикалық-пластикалық этюд көрсету міндетті(сөзсіз,музыкасыз ,қимыл-қозғалыспен орындалатын этюд)

Емтихан барысында:

- Идеясы (шығармашылық қиялы);
- Көркем образды жасау барысында қолданатын мүмкіншілігі анықталады.

Ескертпе:

- талапкер еркін формада өз би қойылымын ұсынады (жеке);
- биді орындау үшін талапкерлер биге арналған реквизиттерін және музыкалық материалдарын өздері табуы керек.

II шығармашылық емтихан бойынша кеңес беру жүргізіледі. Кеңес беру барысында кәсіби мамандардың практикалық және теориялық бағыттары бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіледі.

Кеңес беру барысында зал ортасында диагональ бойынша орындалатын би қимылдары мен би элементтерінен тұратын практикалық қимылдар кешені дайындалады.

II –ші шығармашылық емтиханда талапкердің би орындау шеберлігі мен бейнеге жасаған этюді бағаланады.

Талапкерлер шығармашылық емтиханның екеуіне де міндетті арнайы би формасымен қатысуы тиіс.

Қыз балалар: ұқыпты келбеті (шаш жиналып жоғары түюлі), қара түсті футболка, лосины, чешки т.б.

Ер жігіттер : ұқыпты келбеті (шаш жатқызылып тараулы), ақ түсті футболка, қара түсті трико, чешки т.б.).

Шығармашылық емтихан **5 балдық жүйемен** бағаланады.